АСТАНА ҚАЛАСЫ
ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРЫНЫҢ
ӨҢІРЛІК ПАЛАТАСЫ
ЖЕКЕ СОТ
ОРЫНДАУШЫСЫ УМБЕТАЛИЕВ НУРЛАН
ЕРБОЛАТОВИЧ

РЕГИОНАЛЬНАЯ ПАЛАТА
ЧАСТНЫХ СУДЕБНЫХ ИСПОЛНИТЕЛЕЙ
ГОРОДА АСТАНА
ЧАСТНЫЙ СУДЕБНЫЙ
ИСПОЛНИТЕЛЬ УМБЕТАЛИЕВ НУРЛАН
ЕРБОЛАТОВИЧ

Мемлекеттік лицензия 23.11.2015ж. №2296
010000, Астана қаласы, Өлеңті көшесі 2/2,
тел.: жұм.: 8 (7172) 25-30-77, ұялы: + 7 (708) 425 3077,
e-mail: numbetaliev@mail.ru

Государственная лицензия №2296 от 23.11.2015г.
010000, город Астана, ул.Оленты 2/2
тел.: раб.: 8 (7172) 25-30-77, сот.: + 7(708) 425 3077
e-mail: numbetaliev@mail.ru

*Шыг. №10-10/531*
*«23»_шілде 2026ж.*

**Оспанову Марату Мыктибековичу**

**РҰҚСАТ**

Астана қаласының атқарушылық округінің жеке сот орындаушысы **Умбеталиев Нурлан Ерболатович**, қызметін Астана қаласы, Өлеңті көшесі, 2/2-үй мекенжайы бойынша жүзеге асыратын, Сіздің 2026 жылғы 23 шілдедегі тыйым салынған төмендегі жылжымайтын мүлікті дербес өткізу туралы өтінішіңізді қарап, **жалпы ауданы 76,40 шаршы метр, тұрғын ауданы 49,0 шаршы метр болатын, Астана қаласы, Сарайшық ауданы (бұрынғы Алматы ауданы), Темірбек Жүргенов көшесі, №30 үй, 167-пәтерде орналасқан үш бөлмелі пәтерді** дербес өткізуге қатысты,

**2026 жылғы 23 қазанға дейін** Сізге сатып алушыны өз бетінше тауып, келесі мүлікті өткізуге **РҰҚСАТ береді**: жалпы ауданы 76,40 шаршы метр, тұрғын ауданы 49,0 шаршы метр болатын, Астана қаласы, Сарайшық ауданы (бұрынғы Алматы ауданы), Темірбек Жүргенов көшесі, №30 үй, 167-пәтерде орналасқан, Оспанов Марат Мыктибековичтің, ЖСН 810914301056, жеке меншік құқығындағы үш бөлмелі пәтерін Астана қаласының Азаматтық істер жөніндегі ауданаралық сотының 2026 жылғы 5 мамырдағы №7142-26-00-2/4198 азаматтық ісі бойынша шешімімен айқындалған 29 498 040 (жиырма тоғыз миллион төрт жүз тоқсан сегіз мың қырық) теңге мөлшеріндегі құнынан 75 пайыздан төмен емес бағамен, 2026 жылғы 18 маусымдағы №699/26-71-2296 атқарушылық іс жүргізуі бойынша берешекті өтеу есебіне өткізуге.

Аталған атқарушылық іс жүргізу жауапкер Оспанов Марат Мыктибековичке, ЖСН 810914301056, тиесілі кепілдегі жылжымайтын мүлікке, атап айтқанда жоғарыда көрсетілген үш бөлмелі пәтерге өндіріп алуды қолдану туралы Астана қаласының Азаматтық істер жөніндегі ауданаралық соты берген 2026 жылғы 18 маусымдағы №7142-26-00-2/4198-3 атқарушылық парағының негізінде қозғалған және Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының 74-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, назарыңызға Қазақстан Республикасы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының 74-бабының 2-тармағына сәйкес, сот орындаушысы мүлікке тыйым салынғаннан және оған бағалау жүргізілгеннен кейін, бірақ мүлік өткізілгенге дейін, бағалау туралы есеппен таныстырумен бір мезгілде борышкердің жазбаша өтініші бойынша оған тыйым салынған мүлікті бағалау туралы есепте көрсетілген бағалау құнының жетпіс бес пайызынан төмен емес бағамен, бағалау туралы есеп жасалған күннен бастап бір жылдан аспайтын мерзім ішінде, **бір айдан аспайтын мерзімге өз бетінше өткізу құқығын** беретінін хабарлаймыз.

**Борышкердің мүлікті өткізуге рұқсат алуы мүлікті өткізу рәсімдерін тоқтата тұруға негіз болып табылмайды.**

Тұрғын үйді өз бетінше өткізу мерзімі **үш айды** құрайды. Осы мерзім ішінде мүлік сауда-саттыққа шығарылмайды.

Қамауға алынған мүлікті өз бетінше өткізу құқығы бір атқарушылық іс жүргізу бойынша **бір реттен артық пайдаланылмайды.**

Сатып алушы мен борышкердің немесе сатып алушы мен сот орындаушысының арасында сатып алу-сату шарты жасалып, сатып алушы мүліктің сатып алу құнына тең ақшалай соманы аумақтық органның бақылау шотына немесе өндіріп алушылардың пайдасына өндірілген сомаларды сақтауға арналған жеке сот орындаушысының ағымдағы шотына енгізгеннен кейін, талап қоюды қамтамасыз ету мақсатында сот салған ауыртпалықтарды қоспағанда, басқа атқарушылық құжаттар шеңберінде салынған барлық ауыртпалықтарды мүлікті өткізген не оны өткізуге рұқсат берген сот орындаушысы алып тастайды.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде, қамауға алынған мүлікті өз бетінше өткізу құқығыңызды іске асыру шеңберінде сатып алу-сату шарты **жеке сот орындаушысының мәміле тарабы ретінде міндетті қатысуымен** жасалатынын және сатып алушы мүліктің толық сатып алу құнын өндіріп алушылардың пайдасына өндірілген сомаларды сақтауға арналған жеке сот орындаушысының ағымдағы шотына **толық көлемде, төлемді кейінге қалдырусыз және бөліп төлеусіз** енгізгеннен кейін ғана рәсімделетінін хабарлаймын.

**Жеке сот орындаушысы** **Н. Умбеталиев**

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРЫНЫҢ ӨҢІРЛІК ПАЛАТАСЫ
ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫСЫ
АСТАНА ҚАЛАСЫ АТҚАРУШЫЛЫҚ ОКРУГІ
УМБЕТАЛИЕВ
Нұрлан Ерболатович
Лицензия нөмірі 2296
23.11.2015 ж.

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫСЫ АСТАНА ҚАЛАСЫ ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРЫНЫҢ ӨҢІРЛІК ПАЛАТАСЫ

Исполнительный документ Исполнительный лист Ш. №

23.07.2026.